

## Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 28 маусымдағы N 3-1-459қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 14 шілдеде N 400 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 23-887қ қаулысымен

**Ескерту: Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 23-887қ қаулысымен**

---

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 3-1-1978қ "Астана қаласының жергілікті атқару органдарының кейбір мәселелері туралы" қаулысын ескеріп, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің мынадай қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 20 ақпандағы N 3-1-550қ "Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек-балалары бар отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету Қағидасын бекіту туралы" қаулысындағы (Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 10 наурызда N 314 болып тіркелген; 2004 жылғы 30 наурызда N 41 "Астана хабары"; 2004 жылғы 30 наурызда N 35 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған):

преамбула мынадай редакцияда мазмұндалсын:

" Неке және отбасы туралы ", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :";

2-тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"2. "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі Қағидаға сәйкес іс-шаралардың орындалуын жүзеге асырсын."

3 - тармақ алынып тасталсын;

аталған қаулымен бекітілген үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек-балалары бар отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету Қағидасындағы:

преамбула мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Осы Қағида " Неке және отбасы туралы ", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген".";

1-тармақтағы "Астана қаласы Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті" сөздері "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"Астана қаласы Білім департаментінің жанындағы" сөздері "Астана қаласының Білім департаменті" мемлекеттік мекемесінің жанындағы" сөздерімен ауыстырылсын;

"Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Астана қаласы бойынша департаменті" сөздері "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Астана қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын;

6-тармақтағы 5) тармақша мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"5) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Астана қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің медициналық-әлеуметтік сараптау бөлімі берген мүгедектігі туралы анықтама ( түпнұсқа);";

13-тармақтағы "Астана қаласы Қаржы департаменті" сөздері "Астана қаласының Қаржы департаменті" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын.

2) Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 3 наурыздағы N 3-1-619қ "Соғыс және еңбек ардагерлеріне материалдық көмек көрсету тәртібі туралы" қаулысындағы (Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 26 наурызда N 320 болып тіркелген; 2004 жылғы 13 сәуірде N 48 "Астана хабары"; 2004 жылғы 6 сәуірде N 39 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған):

аталған қаулымен бекітілген азаматтардың жекелеген санаттарына мерекелік күндерге біржолғы материалдық көмек көрсету Қағидасында:

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"4) Балаларды қорғау күніне - он сегіз жасқа толмаған мүгедек-балаларға - 2000 (екі мың) теңгеден;" .

3) Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 25 ақпандағы N 3-1-148қ " Азаматтардың, жекелеген санаттарына шипажайлық-курорттық емделуге жолдамалар беру Қағидасын бекіту туралы" қаулысындағы (Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 25 наурызда N 381 болып тіркелген; 2005

жылғы 14 сәуірде N 50 "Астана хабары"; 2005 жылғы 7 сәуірде N 51 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған):

преамбуладағы "Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" сөздері "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" сөздерімен ауыстырылсын;

аталған қаулымен бекітілген азаматтардың жекелеген санаттарына шипажайлық-курорттық емделуге жолдамалар беру Қағидасында:

преамбуладағы "Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" сөздері "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" сөздерімен ауыстырылсын;

1 тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"4) он сегіз жасқа толмаған мүгедек-балаларға."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары С.С.Мұстафинаға жүктелсін.

*Әкім*

*Әкімнің бірінші орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкім аппаратының басшысы*

*"Астана қаласының Қаржы  
департаменті" мемлекеттік*

*мекемесінің директор*

*Құжаттамалық сараптама  
бөлімінің меңгерушісі*

*"Астана қаласының  
Экономика және бюджеттік  
жоспарлау департаменті"  
мемлекеттік мекемесінің*

*директоры*

*"Астана қаласының Жұмыспен  
қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар департаменті"  
мемлекеттік мекемесінің*

*директоры*

